- Аспап нұсқаулыққа сәйкес мақсаты бойынша ғана пайдаланылуы тиіс.
- Аспапты іске қосар әр кезде, оны қарап тексеріп шығыңыз. Аспапта немесе желілік баусымда зақымдану бар болғанда аспапты ешбір жағдайда розеткаға қоспаңыз.
- Аспапты жылжытқан соң, көрсеткіштері жарақсыз болса, оны пайдаланбау керек. Пайдаланар алдында, аспапты білікті маман тексеріп шығуы тиіс.
- Егер сіз оның жұмысын қамтидымайтын болсаңыз, аспапты пайдаланбаңыз.
- Бұл аспап физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары бар адамдарға (балаларды қоса алғанда) немесе тәжірибе мен білімнің жетіспеушілігіне, мұндай адамдарға олардың қауіпсіздігіне жауапты адамның осы аспапты пайдалануына қатысты қадағалау жүзеге асырылатын немесе оларға нұсқау берілетін жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған. Балаларды аспаппен ойнауға жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.
- **Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.**



Назар аударыңыз!

Аспапты суға толған ыдыстарға (ванналар, шұңғылшалар және басқ.) тікелей жақындықта пайдаланбаңыз. Аспап суға құлаған жағдайда оны дереу желіден ажыратыңыз. Бұл ретте қолдарыңызы ешқашан суға батырмаңыз. Аспапты қайта пайдаланар алдында, оны білікті маман тексеруі керек.

- Аспапты үй-жайлардан тыс пайдаланбаңыз. Аспапты ыстықтан, тура күн сәулелерінен, үшкір бұрыштарға соғылуынан, ылғалдан (ешбір жағдайда сапапты суға немесе басқа сұйықтыққа батырмаңыз) сақтаңыз. Аспапқа дымқыл қолыңызды тигізбеңіз. Аспап суланған жағдайда, оны лезде желіден ажыратып қойыңыз.
- Қосымша қорғаныс үшін жуынатын бөлменің электр қуаттану тізбегіне 30мА аспайтын іске қосылу номинал тогы бар қорғаныс сөндіру құрылғысын (ҚСҚ) орнату жөн болады. Кеңес алу үшін білікті маманға жүгініңіз.
- Аспапты тек қана айнымалы ток (~) көзіне қосыңыз. Қосар алдында желінің параметрлері аспап сипаттамасында белгіленгендерге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- **Кез келген қате қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Пайдалану аяқталғаннан кейін, айлабұйымдарды орнату немесе шешу, тазалау немесе аспап сынған кезінде оны үнемі желіден ажыратыңыз.
- Аспапты желіге қосар алдында жұмыс істеу режимдерінің ауыстырғышы «ӨШІРУ» күйінде орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Желінің артық жүктелуіне жол бермеңіз, бұл жазатайым оқиғаларға және аспаптың бұзылуына әкелуі мүмкін. Бұл үшін дәл сол электрлік розеткаға жалғастырғыш тетікті пайдалана отырып, басқа аспаптарды қоспаңыз. Ұзартқышты пайдаланар алдында, оның бұзылмағанына көз жеткізіңіз.
- Желілік баусымынан ұстап аспапты тасымалдауға боламайды. Сондай-ақ аспапты, оның желілік баусымынан ұстап, желіден ажыратуға тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқан кезде, штепсельдік айырдан ұстаңыз.
- Электр тогынан соққы алуға жол бермеу үшін, аспапты қосқанда немесе сөндіргенде, желілік баусым айырының металл бөліктеріне қол тигізбеңіз.
- Пайдаланғаннан кейін электр қорек баусымын ешқашан аспапты айналдыра орамаңыз, өйткені уақыт өте бұл сымның сынуына әкелуі мүмкін. Сақтау кезінде сымды әрдайым тегіс етіп түзетіңіз.
- Сымды ауыстыруды тек білікті мамандар - сервистік орталықтың қызметкерлері жүзеге асыра алады. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді.
- Аспапқа берілетін кепілдіктің сақталуы үшін және техникалық мәселелерге жол бермеу үшін, аспапты өз бетінше бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу тек қана сервистік орталығының білікті мамандарымен жүргізілуі тиіс.

Назар аударыңыз! Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін, аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз. Одан әрі кәдеге жарату үшін, оны мамандандырылған пунктке тапсырыңыз. Осы арқылы сіз қоршаған ортаны қорғауға көмектесесіз.

ОСЫ АСПАПТЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ТУРАЛЫ АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР

- Аспап тек қана тұрмыстық пайдалануға арналған.
- Іске қосылған аспапты ешқашан қараусыз қалдырмаңыз.
- Шығыс шүмегі және шоғырлағыш жұмыс барысында қызады. Сақ болыңыз!
- Аспапты ылғалдылығы жоғары үй-жайларда (жуынатын бөлмелерде) пайдалануға болмайды. Ванна қабылдаған кезде аспапты пайдалануға қатаң түрде тыйым салынады.
- Егер сіз қалғыған күйде болсаңыз, аспапты пайдаланбаңыз.
- Аспапты жоғары температуралардан жеңіл деформацияланатын заттардың жанында пайдаланбаңыз.
- Ыстық ауа ағынын көзге немесе дененің ыстық ауаға аса сезімтал басқа жерлеріне бағыттамаңыз.
- Фенді жасанды шаш пен париктерді кептіру үшін пайдаланбаңыз.
- Аспаппен жұмыс істегенде, шашты сәндеп үлгілеуге арналған спрейлер мен лактарды пайдаланбаңыз.
- Аспап жұмыс істеген кезде ауаның кіруіне және шығуына арналған тесіктерді жаппаңыз, бұл аспаптың артық қызып кетуіне әкелуі мүмкін.
- Жұмыс істеп тұрған фенді ешқашан қолыңыздан босатпаңыз. Бұл жарақаттарға және аспап пен айналадағы заттардың бүлінуіне әкелуі мүмкін. Аспаптың ішіне бөгде заттардың, шаңның, шаштың және жануарлардың жүнінің түсуіне жол бермеңіз.
- Артық қызып кеткенде, аспап автоматты түрде сөнеді. Аспапқа бірнеше минут ішінде сууға мүмкіндік беріңіз, ал содан кейін оны қайталап іске қосыңыз.
- Аспапты сақтауға қояр алдында, оны толық суытып алыңыз.

Ванна қабылдаған кезде, аспапты пайдалануға қатаң тыйым салынады

Аспап жұмыс істеген кезде, ауаның кіруіне және шығуына арналған тесіктерді жаппаңыз

Аспаппен жұмыс істегенде, шашты сәндеп үлгілеуге арналған спрейлер мен лактарды пайдаланбаңыз.

- Стандартты емес жағдайда штепсельді розеткадан тез шығарып алу үшін аспапты жылдам қол жетімділік аймағында орналасқан розеткаға қосыңыз.
- Ешқашан корпустың ішіне заттарды салмаңыз.
- Аспапты қуат баусымынан ұстап тасымалдауға болмайды. Баусымды зақымдап алмаңыз.
- Жұмыс істеп тұрған аспапты кілемдер, жапқыштар сияқты және т.б. жұмсақ беттерге қоймаңыз.
- Аспапты балалар үшін қолжетімсіз жерде сақтаңыз.

ПАЙДАЛАНУ АЯСЫ

- Аспап пайдалану жөніндегі осы нұсқаулыққа сәйкес тек қана тұрмыстық пайдалануға арналған. Аспап өнеркәсіптік пайдалануға арналмаған.
- Өндіруші қате пайдалану немесе осы Пайдалану нұсқаулығында көзделмеген пайдалану нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты болмайды.
- Аспап жануарларға пайдалануға арналмаған.

АСПАПТЫҢ СИПАТЫ

Құрылғы шашты үй жағдайында кептіруге және реттеуге арналған. Құрылғы кіріктірілген иондар генераторымен, ұзақ мерзімді BLDC қозғалтқышымен, Автотазалау функциясымен, Коанд әсері бар саптамалармен, Thermo sense сенсорымен жабдықталған.

BABY MODE – Ультра жұмсақ балалар шаш кептіру режимі, онда аспап автоматты түрде қыздыру температурасын, қуат пен шу деңгейін төмендетеді.

Кіріктірілген иондар генераторы шаштың тегістелуіне, сау көрініс пен жылтырлыққа ие болуына ықпал етеді. Иондап баптау шашты артық кептіруден және сусызданудан сақтандырады, сонымен қатар статикалық электрден құтқарады және жеке бұрымдардың электрлік теңгерімін қалпына келтіреді, бұл шашты жұмсартады және икемге көнгішке айналдырады. Нәтижесінде шашты сәндеп үлгілеу оңайға түседі, ол пішінін ұзақ сақтайды және баяу ластанады, өйткені шаң мен ласты аздау тартып алады. Бұл функция аспапты қосқан кезде, автоматты түрде іске қосылады, бұл функцияны бөлек қосу/өшіру қарастырылмаған.

Бағытталған ағынмен сәндеуге арналған саптама-концентратор 55*65 мм

Шашты тез х2 кептіруге арналған сопақша концентратор 90*44 мм

Икемсіз шашты түзетуге және тегістеуге арналған саптама 66*75 мм



Бұрау және көлем жасауға арналған сопақша щетка 61 мм

Бұрауға және бұрым жасауға арналған дөңгелек щетка диаметрі Ø32 мм

Бұрым жасауға арналған диаметрі 28 мм Коанд әсері бар саптамалар

Бұйра шашты түбірге жақын көлемге және орналастыруға арналған саптама-диффузор Ø 130 мм

Ескертпе ретінде!

Осы Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген суреттерде тек қана жалпы, сызбалы кескіндер пайдаланылған.

*Корпустың ықтимал түстері: қара, графит

ЖИЫНТЫҚТАМА

1. Аспап – 1 дана
2. Саптамалар - 8 дана.
3. Сақтау мен тасымалдауға арналған сөмке - 1 дана.
4. Қолғабы – 1 дана
5. Кепілдік талоны бар Пайдалану жөніндегі нұсқаулық - 1 дана.
6. Сериялық нөмірі – 1 дана

ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

- Аспапты қаптамадан шығарыңыз.
- Жеткізілім жиынтығын тексеріңіз («Жиынтықтама» бөлімін қараңыз).
- Аспап пен желілік баусымда бұзылулар жоқ екендігіне көз жеткізіңіз.

АСПАПТЫ ПАЙДАЛАНУ

Назар аударыңыз!
Аспап параметрлері («Техникалық сипаттамалар» «Техникалық сипаттамалар» қар.) электр желісінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

- Желілік баусымын толықтай тарқатыңыз.
- Ажыратқыштың 0 "Өшірулі" жағдайында екеніне көз жеткізіңіз.
- Қажетті саптаманы саңылауларды аспаптың шығыс шүмегімен сәйкестендіре отырып орнатыңыз және шертпеге дейін солға бұрыңыз. Бұл ретте саптаманы бекіту түймесі жоғарғы жағдайда болады. Саптаманы алу үшін оның салқындауын күту керек, саптаманы бекіту батырмасын төмен қарай тартып және оны жібермей, саптаманы алу керек.
- Подключите прибор к источнику электропитания, который находится в зоне свободного доступа.
- "ҚОСУ/ӨШІРУ/БЛОКТАУ" қосқышын "1" (қосылған) күйіне жылжытыңыз.

АУА АҒЫНЫ ЖЫЛДАМДЫҒЫН ТАҢДАУ

Тиісті түймені басу арқылы ауа ағынының қажетті жылдамдығын орнатыңыз.

* Ауа ағынының **ТӨМЕН жылдамдығы**

ЕСКЕРТУ! бұл режимді таңдаған кезде, ауа ағынының жылдамдығы ең төмен болады. Балалардың шаштарын кептіру үшін ауа ағынының төмен жылдамдығын және минималды температура режимін орнатыңыз.

Ауа а**ғынының ОРТАША жылдамдығы (жұмс**ақ кептіруге және шашқа арналған).

*** **Ауа ағынының ЖОҒАРЫ** жылдамдығы (шашты тез кептіру үшін).

АУАНЫ ҚЫЗДЫРУ ТЕМПЕРАТУРАСЫН ТАҢДАУ

Тиісті батырманы бірнеше рет басу арқылы ауаның қажетті жылыту температурасын орнатыңыз, бұл ретте индикация келесідей өзгереді: * → ** → *** → ** → *

* Минималды температуралық режім
** Орташа температуралық режим
*** Максималды температуралық режім

Суық ауа режимі, шаш үлгісін бекіту үшін қолданыңыз. Кептіру процесінде суық ауа режимін таңдау үшін суық ауа түймесін бір рет басыңыз.
Құрылғы төмен температурада кептіру режиміне ауысады (бұл ретте түймені ұстап тұрудың қажеті жоқ). Қыздыру режіміне қайта оралу үшін осы батырманы қайта басыңыз.

КЕҢЕС! Фенмен кептіру кезінде тарауды имитациялайтын қимылдар жасаңыз, оны шаштан аз қашықтықта ұстаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
Күйіп қалмау үшін, аспап жұмыс істеп тұрған кезде және оны өшіргеннен кейін бірден басыңызға саптаманы тигізбеңіз. Жұмыс кезінде саптама қызады. Кейбір саптамалар термотұрақты ұштықпен жабдықталған, сондықтан пайдаланудан кейін саптаманы басқасына ауыстыруға болады.

Ыстық кептіру кезінде, сәндеп үлгілеуге және бекітуге арналған құралдарды пайдаланбаңыз.

ЖАДЫ ФУНКЦИЯСЫ

Құрылғы соңғы баптауларды есте сақтайды және құрылғыны қайта қосқанда сол баптаулармен жұмыс істей бастайды.

ТАҢДАЛҒАН БАПТАМАНЫ БҰҒАТТАУ

Кептіру кезінде таңдалған баптауларды бекіту үшін (кездейсоқ басып кетуден қорғау) ҚОСУ/ӨШІРУ/БҰҒАТТАУ ауыстырып-қосқышын ең жоғарғы "жабық құлып" (🔒) күйіне жылжытыңыз.

- Егер таңдалған параметрлерде шашты ұзақ уақыт кептіру қажет болса, бұғаттау ыңғайлы.
- Баптауларды бұғаттау режимінде құрылғы режимдерді өзгерту батырмаларын басқанда жауап бермейді.
- Баптауларды өзгерту және бұғаттауды өшіру үшін "ҚОСУ/ӨШІРУ/БҰҒАУ" қосқышын "жабық құлыптар" күйінен " 1 " күйіне ауыстырыңыз - құрылғы бұғаттаудан жұмыс режиміне көшеді

ЖҰМЫСТЫ АЯҚТАУ

- Құралды пайдалану аяқталғаннан кейін ВКЛЮЧИТЬ/ВЫКЛЮЧИТЬ/БЛОК ауыстырып қосқышын "О" (өшірулі) жағдайына жылжытып, шанышқыны розеткадан шығарады.
- Құрылғы соңғы параметрлерді есте сақтайды және құрылғыны желіге қайта қосқанда соңғы параметрлермен жұмыс істей бастайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
Желілік баусымды аспапты айналдыра орамаңыз.

Алғашқы рет пайдаланғанда, сондай-ақ жұмыстағы ұзақ мерзімді үзілістен кейін қыздырғыш элементке қонған күйген шаңның болымсыз иісі пайда болуы мүмкін. Бұған рұқсат етіледі.

САПТАМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

БҰРЫМ ЖАСАУҒА АРНАЛҒАН ДИАМЕТРІ 28 ММ КОАНД ӘСЕРІ БАР САПТАМАЛАР

Коанд ӘСЕРінің болуы аспаптың жұмысын қамтамасыз етеді, онда ауа ағыны шашты саптамаға тартып, өздігінен бұрап, қосымша қысқыштарсыз және қызып кетпеЙ, бұрымдар жасайды.

- Егер шаш дымқыл болса, онда шашты алдын-ала кептіруге арналған саптаманың көмегімен кептіру ұсынылады.
- Саптамадағы көрсеткілермен көрсетілген ауа ағынының бағытына назар аудара отырып, саптаманы қажетті диаметрмен орнатыңыз.
- Ылғал шаштың кішІГІРІМ бөлігін алыңыз, саптаманы тігінен қойыңыз, сонда шаш саптамаға тартылады және шаштың бүкіл бөлігін саптамаға тарту үшін оны сәл жоғары-төмен жүргізіңіз.
- Бірнеше секундтан кейін **салқын ауа режимін таңдай отырып,** бұрымды бекіту ұсынылады.
- Осыдан кейін бұрымды босату үшін саптаманы төмен түсіріңіз.
- Егер саптаманы басқа бағытпен орнату қажет болса, бекіту түймесін төмен қарай тартып, күйіп қалмау үшін, ыстыққа төзімді ұшты ақырын ұстап, саптаманы алыңыз.
- Шашыңыздың саптамаға оңай тартылуын қамтамасыз ету үшін, шаш тым ылғал болмауы керек екенін ескеріңіз.
- Оң жағы үшін оң жақ көрсеткі саптамасын, бастың сол жағы үшін сол жақ көрсеткі саптамасын пайдаланыңыз немесе бағытты өз қалауыңыз бойынша пайдаланыңыз.

ИКЕМСІЗ ШАШТЫ ТҮЗЕТУГЕ ЖӘНЕ ТЕГІСТЕУГЕ АРНАЛҒАН САПТАМА

- Ұштығы бар саптаманы орнатыңыз, ұштығын солға немесе оңға бұру арқылы ауа ағынының бағытын таңдаңыз.
- Орташа температуралық режимді және ауа ағынының жоғары жылдамдығын орнатыңыз.
- Саптаманы бастың жоғарғы жағынан шаштың ұшына дейін ақырын жүргізіңіз.
- Саптама шашты тегістеуге, түзетуге және алдын-ала кептіруге көмектеседі.

ШАШТЫ ТЕЗ Х2 КЕПТІРУГЕ АРНАЛҒАН СОПАҚША КОНЦЕНТРАТОР

- Саптаманы орнатыңыз
- Орташа температуралық режимді және ауа ағынының жоғары жылдамдығын орнатыңыз.
- Саптаманы біршама қашықтықта орналастырып, ауа ағынын шашқа бағыттаңыз.
- Саптама шашты тегістеуге, түзетуге және алдын-ала кептіруге көмектеседі.

БҰРАУҒА ЖӘНЕ БҰРЫМ ЖАСАУҒА АРНАЛҒАН ДӨҢГЕЛЕК ЩЕТКА

Дөңгелек тарақтың көмегімен шашты бір уақытта кептіру арқылы тарау ыңғайлы, сонымен қатар оны тараққа орап, жарылыстарды бұйралаңыз. Сондай-ақ, шаштың ұштарын бұрауға болады.



БҰРАУ ЖӘНЕ КӨЛЕМ ЖАСАУҒА АРНАЛҒАН СОПАҚША ЩЕТКА

Бұл тарақтың көмегімен бір мезгілде кептірумен шашты тараған ыңғайлы, сондай-ақ тараққа оралған шашты бұйралаңыз. Сондай-ақ, шаштың ұштарын бұрауға болады.

БАҒЫТТАЛҒАН АҒЫНМЕН СӘНДЕУГЕ АРНАЛҒАН САПТАМА-КОНЦЕНТРАТОР

тиімді кептіруге арналған, өйткені ауа ағынын дәл белгілі бір шашқа, щеткаға немесе тараққа бағыттауға мүмкіндік береді, олардың көмегімен сіз оларды орналастырасыз. Шашқа қосымша көлем беру үшін, алға қарай еңкейіңіз және шашты салбыраған күйінде түбінен ұшына дейінгі бағытта кептіріңіз.

БҰЙРА ШАШТЫ ТҮБІРГЕ ЖАҚЫН КӨЛЕМГЕ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН САПТАМА-ДИФФУЗОР

Үлкен аумақта шашты біркелкі және ұқыпты кептіру үшін, көлем жасау үшін, сондай-ақ тамыр жанындағы көлемді және бұйра және қалың шашты орналастыру үшін қолданылады. Бұл саптама ауа ағынын таратады, бұл шаштың қызып кетуіне жол бермейді.

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ

- Тазарту алдында құрылғыны желіден ажыратып, бөлме температурасына дейін шамамен 30 минут салқындатыңыз.
- Қажет болған жағдайда, аспапты құрғақ шүберекпен сүртіңіз. Қажақ тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз.
- Ешбір жағдайда аспапты суға батырмаңыз.

«AUTO-CLEANING» ФУНКЦИЯСЫ

Бұл функция аспаптың оңтайлы жұмысын қолдау және оның ұзақ жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажет.

Әрбір 10 пайдаланудан кейін өзін-өзі тазартуды жүргізу ұсынылады

Жұмыс тәртібі:

- Аспапты электр желісіне қосыңыз. Сүзгінің қақпағын алыңыз, ол үшін оны солға және төмен қарай бұраңыз (аспаптың артқы жағында тиісті пиктограммалар бар).
- "ҚОСУ/ӨШІРУ/БҰҒАУ" қосқышын " 1 " (қосылған) күйіне ауыстырыңыз. "Суық ауа" режимін қосыңыз
- Суық ауа режимі түймесін бірнеше секунд (~3 сек.) қысып, ұстап тұрыңыз. Құрылғы өзін-өзі тазарту режиміне ауысады, ал ауа шамамен 15 секунд ішінде сүзгіден шығады, содан кейін құрылғы бастапқы қалпына келеді.
- Тазалау аяқталғаннан кейін ВКЛЮЧЕНИЕ/ВЫКЛЮЧЕНИЕ/БЛОК қосқышын " 0 " (өшірулі) күйіне ауыстырыңыз, сүзгіні сыртынан щеткамен немесе жұмсақ матамен тазалаңыз және қақпақты сүзгіге қайта кигізіңіз (шерткішке дейін бекітіңіз).



САҚТАУ

Электр аспаптары жабық, құрғақ және таза бөлмеде, қоршаған ауаның ылғалдылығы 70%-дан аспайтын, плюс 5ºC-ден төмен емес және плюс 40°C-ден аспайтын бөлме температурасында, қоршаған ортада аспаптардың материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқыл және басқа булар жоқ жерде сақталады.

ТАСЫМАЛДАУ

- Аспаптардың тасымалдануын осы түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау және механикаландырылған тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ететін ережелерге сәйкес жабық көлік құралдарында көліктің барлық түрлерімен жүргізеді.
- Аспаптарды тасымалдау кезінде зақымданудан қорғау - бұйымдардың сапасы мен тұтыну ыдысының сыртқы түрінің сақталуы қамтамасыз етілуге тиіс.
- Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

Өз аспабыңызды пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы құралмен жұмыс кезіндегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электрлік тұрмыстық техникамен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз.

ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің және қолданыстағы санитарлық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес кейіннен кәдеге жаратыла отырып, міндетті түрде жиналуға жатады. Электр аспабының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

Ескертпе: Электр аспабының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

АҚАУЛЫҚ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕПТЕР	ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ
Электр желісіне қосқанда аспап жұмыс істемейді	Розетка ақаулы	Басқа аспапты қосып, розеткадағы кернеуді тексеріңіз
	Электрқорек баусымы зақымдалған	Тек сервистік орталықтың қызметкерлері тарапынан жойылады
Ауа ағыны төмендеді	Сүзгі ластанған.	Осы пайдалану нұсқаулығындағы ұсынымдарға сәйкес сүзгіні тазалаңыз.
	Сүзгі қақпағы бұғатталған	Ауаны алу аспаптың төменгі бөлігінде жүзеге асырылады. Фенді алақанмен ұстаған кезде желдету саңылаулары жартылай жабылуы мүмкін. Құрылғының корпусын сүзгінің қақпағы бос болатындай етіп ұстаңыз.

Назар аударыңыз! Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, POLARIS авторланған сервистік орталығына хабарласыңыз.

Өз аспабыңызды пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы құралмен жұмыс кезіндегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электрлік тұрмыстық техникамен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Кернеу: 230 - 240 В~50 Гц
Қуаты: 1600 Вт
Қорғау сыныбы - II
Қуат баусымының ұзындығы: 3 м
Қызып кетуден қорғау: бар

PHSB – Polaris сауда маркасының шашты модельдеуге арналған тұрмыстық электрлік фен-тарағышы

Ескертпе: өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің тұрақты процесіне байланысты басшылық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.
Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың өзекті нұсқасын Сіз www.polaris.ru сайтынан таба аласыз.

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Өнім КО ТР 004/2011 "Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы," КО ТР 020/2011 "Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі," ЕАЭО ТР 037/2016 "Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы" талаптарына сәйкестігін растау рәсімінен өтті және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің нарығында өнім айналымының бірыңғай белгісімен таңбаланады.
Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.

Бұйымның қызмет көрсету мерзімі: 3 жыл
Бұйымға берілетін кепілдік мерзім: 36 ай
Дайындалған күні бұйымдағы паспорттық тақтайшада көрсетілген.

Өткізу ережелері белгіленбеген.

ДАЙЫНДАУШЫ: НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД,
№ 158 Доншан Лю, Хушан Чжидао, Цыси, Чжэзцян Провинциясы, ҚХР
MANUFACTURER: NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED,
No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC

Импорттаушы және Дайындаушының РФ-ғы және Кеден Одағына РФ-да және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерде:
«ЭйДжиАй Электроникс» ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ.,
Орджоникидзе к-сі, 11-үй, 3-құрылым, 4-қабат, 1 үй-жай, 13-бөлме.
Бірыңғай анықтама қызметінің телефоны: 8 800-700-11-78
Authorized representative of the manufacturer in EU:
JSC “HTV1”, Švitrigailos g. 11 A, Vilnius, LT-03228
Зауытта:
GUANGDONG ROMAN TECHNOLOGY CO.LTD, No.18, Xingguang Rd., Jinhe District, Zhang Mutou Town, Dongguan City, Guangdong Province, China (Гуангдонг Роман Текнолоджи Ко.ЛТД.,Но.18,Сингуанг Рд, Джинхэ Дистрикт, Чжан Мутоу Таун, Донггуан Сити, Гуангдонг Провинс)

ҚХР-да өндірілген.

КЕПІЛДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйым: Электрлік фен-тарақшаның **Моделі: PHSB 9000**

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 36 ай бойы қолданылады және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Заңдарына сәйкес бұйымға кепілдікті қызмет көрсетуді білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдікті міндеттемелері «POLARIS» сауда маркасымен шығарылатын және өндіруші уәкілеттік берген сатушылардан, кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) сатып алынған барлық үлгілерге қолданылады.
2. Бұйым Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қатаң сәйкестікте және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтаумен пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:

- Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуі;
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы қағидаларының талаптарын бұза отырып, бұйымды оның тікелей мақсаты бойынша пайдаланбау, сондай-ақ бұйымды орнату мен пайдаланудан тұратын дұрыс пайдаланбау;
- Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;
- Функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін қалыпты пайдалану, сондай-ақ табиғи тозу: сыртқы немесе ішкі бетінің механикалық зақымдануы (мыжылған, сырылған, үйкелген), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде нұрлы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ - жабынның зақымдану орындарында және металдың жабылмаған жерлерінде металдағы коррозия;
- әрлеу бөлшектерінің, саптамалар мен аксессуарлардың, шамдардың, батареялардың, қорғаныш экрандарының, сүзгілердің, қоқыс жинағыштардың, тығыздағыш элементтердің, белдіктердің, щеткалардың және пайдалану мерзімі шектелген өзге де бөлшектердің және пайдалану процесінде табиғи тозуға ұшыраған бөлшектердің тозуы;
- Авторландырылған сервистік орталықтар болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар шығарған бұйымды жөндеу*:
- Тасымалдау кезінде, оны дұрыс пайдаланбау кезінде, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификацияларға немесе дербес жөндеуге байланысты бұйымның зақымдануы.

5. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе ондағы деректер жойылған не түзетілген болса, дайындаушы кепілдікті міндеттемелер үшін жауапты болмайды.
6. Осы кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін жарамды және де коммерциялық, өнеркәсептік немесе кәсіби мақсаттар үшін пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

Назар аударыңыз!! Дайындаушы POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз

POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS авторланған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

*Авторизацияланған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында: www.polar.ru

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген

ГАРАНТИЙНЫЙ ТАЛОН

КЕІЛДІК ТАЛОНЫ

ГАРАНТИЙНЫЙ ТАЛОН/ КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ	
Изделие/Бұйым	**Модель**
Серийный №/Сериялық №	
Дата продажи/Сатылған күні	
Фирма-продавец/Сатушы-фирма	
Подпись продавца/Сатушының қолы	
Печать продавца/Сатушының мөрі	
Покупатель/Сатып алушы	
Адрес/Мекенжайы	
Телефон	